

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP23488744 «Қазақстандағы саяси қатысу: динамикасы және кеңейту мүмкіндіктері»
Өзектілігі	Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және ақпараттық салалардағы өзгерістердің көрінісі болып табылатын саяси қатысу формасының эволюциясы байқалуда. Азаматтардың дәстүрлі саяси институттарды айналып өтіп, цифрлық құралдарды (онлайн-петициялар, краудсорсингтік платформалары) пайдалана отырып, қатысудың дәстүрлі емес түрлеріне тартылуда. Наразылық акциясының ықпалы әлеуметтік желілердегі белсенділік арқылы артып келеді. Қазақстанда билік пен халық арасындағы жеткіліксіз тиімділіктегі байланыс сияқты әлеуметтік мәселелер саясатқа қатысудың әртүрлі формаларында көрініс табуда. Осыған орай, Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесу арналарын кеңейтуге көмектесуге бағытталған. Сонымен қатар, саяси қатысу азаматтардың саяси белсенділік деңгейіне, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарға байланысты, ал ақпараттық технологиялардың дамуы, саяси контентті тұтыну, жасау және тарату мүмкіндігі қоғамдық оқиғаларға деген қызығушылықты арттырды. Осыған байланысты Қазақстандағы саяси қатысудың барлық түрлері мен формаларын кешенді зерттеу, оның динамикасындағы аймақтық айырмашылықтарды анықтау өзекті болып табылады.
Мақсаты	Қазақстандағы саяси қатысу динамикасын, факторлары мен тенденцияларын анықтау, өңірлік бөліністе конвенционалды және бейконвенционалды саяси қатысудың неғұрлым кең таралған түрлерін айқындау, елдегі саяси қатысудың демократиялық түрлерін кеңейтетін ұсыныстар әзірлеу.
Міндеттері	- Қазақстандағы саяси қатысу динамикасын зерттеу әдістемесін анықтау. - дәстүрлі (конструктивті) саяси қатысуды кеңейтудің әлемдік тәжірибесін талдау. - қазақстандық авторлардың еңбектерін зерттеу негізінде Қазақстандағы саяси қатысудың түрлерін (мақсаттары, заңдарға қатынасы, мотивтері, субъектілері, тұрақтылығы, қарқындылығы бойынша), саяси қатысуды күшейтетін және төмендететін факторларды көрсету. - Қазақстан аймақтарындағы далалық зерттеулер негізінде Қазақстандағы саяси қатысу факторларын, олардың әсер ету иерархиясын анықтау. - электоралды статистикасының сапалық әдісі мен

	талдауына сүйене отырып, қазақстандықтардың сайлауға қатысуының негізгі мотивтерін анықтау. - сандық және сапалық деректердің негізінде қызығушылық арналарын қалыптастыратын, және сол арқылы Қазақстандағы қатысудың сипаты мен формаларын айқындайтын институционалдық мүмкіндіктер мен шектеулерді анықтау. - Big Data талдауы және әлеуметтік желілердегі пікірлер мониторингі негізінде саяси қатысу деңгейінің жоғарылауына немесе төмендеуіне ықпал ететін маркер сөздерге (тақырыптарға) зерттеу жүргізу. - болжау әдістерін қолдана отырып, Қазақстанның жекелеген аймақтарында да, тұтас ел ауқымында да саяси қатысу динамикасының ықтимал сценарийлерін құру. - барлық алынған нәтижелерді талдау және жалпылау негізінде елдегі саяси қатысудың демократиялық формаларын кеңейтетін ұсыныстар әзірлеу.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Жоба саяси қатысудың себептері мен қозғаушы күштерін, сондай-ақ саяси қатысу түрлерін дамытудың өңірлік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Зерттеуде тұрғындардың конвенционалды және бейконвенционалды саяси қатысудың түрлі пішіндеріне дайындығы дәрежесін анықтау, сондай-ақ олардың Қазақстанның әлеуметтік-саяси ахуалына ықтимал салдарын бағалау көзделеді. Жұмыс саяси қатысу түрлеріндегі өзгерістерді бағалаудың индикаторлары мен әдістерін, азаматтардың саяси процеске қатысу көрсеткіштерін әзірлеуге, өңірлердегі және бүкіл ел бойынша саяси қатысу динамикасының ықтимал сценарийлерін болжауға бағытталатын болады. Жоба ұлттық ауқымда маңызды болып табылады, өйткені Қазақстандағы саяси қатысу динамикасы мен оның түрлерін кеңейту мүмкіндіктері зерттеледі. Бұл мемлекеттік органдарға тұрғындардың сұраныстарына лайықты жауап беруге және қоғаммен байланысты кеңейту үшін демократиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Жоба нәтижелері конфликтология, саяси әлеуметтану, саяси процестерді болжау және модельдеу секілді ғылыми салаларды дамытудың жалғасы болады. Зерттеудің бұл бағыттары Қазақстанда да, әлемдік деңгейде де өзекті болып табылады, сәйкесінше оларды дамыту қазақстандық ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың әлемдік ғылыми кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Насимова Гүлнар Өрленбайқызы – жоба жетекшісі, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі. Scopus Author ID – 56127765400 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56127765400); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8308-1314 Илеуова Гүлмира Тоқшалықызы – социология ғылымдарының кандидаты, «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының президенті; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті. Scopus Author ID – 57209854664 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57209854664); ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6349-4720 Polese Abel – PhD; Dublin City University (Дублин, Ирландия). Scopus ID – 35485339000 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=35485339000); ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3401-2192; https://orcid.org/0000-0001-9607-495X Смағұлов Қадыржан Есенғалиұлы – саясаттану ғылымы бойынша PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті. Scopus Author ID – 57190747573 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57190747573); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9301-6620 Бузуртанова Марем Магометовна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы. Scopus Author ID – 57212563482 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57212563482); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6414-5140 Карюкин Владислав Игоревич – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ақпараттық жүйелер кафедрасының доцент м.а. Scopus Author ID – 57218952479 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57218952479); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8768-0349
--	---

	Басығариева Жұлдыз Аманқұлқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы. ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0979-2115 Жиенбаев Мирас Бақытханұлы – Maqsut Narikbayev University Басқарма төрағасының халықаралық істер және бастамалар жөніндегі кеңесшісі. Scopus Author ID – 57204730388 (https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57204730388); ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5321-2766 Саламат Аяла Ернатқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының магистранты. Сисенбердиева Айдана Ерланқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының магистранты. ORCID: https://orcid.org/0009-0007-3951-6898
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	Nassimova G., Buzurtanova M., Zhunussova A. (2024) Qualitative and quantitative change in political participation in Kazakhstan: between ‘civic’ and ‘political’, ‘rational’ and ‘post-materialist’ conventional and unconventional modes // Journal of Philosophy, Culture and Political Science, 89(3). https://doi.org/10.26577/jpcp.2024.v89-i3-010. Buzurtanova M., Polese A., Nassimova G. (2025). Online petitions as new means of political communication: a critical analysis of the Uk case and its relevance for Kazakhstan. Journal of Philosophy, Culture and Political Science, 91(1), 116–126. https://doi.org/10.26577/jpcp202591110 Насимова, Г., Илеуова, Г., Басығариева, Ж., & Жунусова, А. (2025). Қазақстандықтардың саяси қатысу әлеуеті: төмендеуі немесе қайта форматталуы. - <i>Қоғам және дәуір</i>, 86(2). https://doi.org/10.52536/2788-5860.2025.86.2.008